

Кербұлақ ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 24-136 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 12 ақпанда № 4522 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № 07-57 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 18.09.2023 № 07-57 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, Кербұлақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Кербұлақ ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Кербұлақ аудандық мәслихаты аппаратының басшысы Иманбаев Амангелді Тұрысбековичқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кербұлақ аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы
Кербұлақ аудандық мәслихатының
хатшысы*

К. Толыбаев

*Б. Рысбеков
Кербұлақ аудандық мәслихатының
2018 жылғы "29" қаңтардағы № 24-136
шешімімен бекітілген қосымша*

Кербұлақ ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кербұлақ ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және Кербұлақ ауданының Құрмет грамотасымен наградтау тәртібін айқындайды.

2. Кербұлақ ауданының Құрмет грамотасы (бұдан әрі - Құрмет грамотасы) маңызды моральдық ынталандырма, азаматтардың жемісті қызметін қоғамның мойындауын білдіру болып табылады.

3. Құрмет грамотасымен қызмет саласында кем дегенде 5 жыл қызмет өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, әскери және мемлекеттік қызметтегі, қоғамдық, мемлекеттік, қайырымдылық қызметтегі елеулі жетістіктері үшін наградталады.

2. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі

4. Кербұлақ ауданы әкіміне наградтауға ұсынысты жергілікті өкілді және атқарушы органдар, шығармашылық одақтар, еңбек ұжымдары және басқада ұйымдар енгізеді.

5. Құрмет грамотасымен наградтау туралы қолдау хат тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туылған күнін, жұмыс орнын (жарғылық құжаттарына сәйкес ұйымның толық атауын және қолдау хат енгізілген күндегі атқаратын лауазымының толық атауын көрсете отырып), білімі туралы мәліметтерді, еңбек қызметі туралы, наградалары мен құрметті атақтары туралы мәліметтерді көрсете отырып мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.

6. Дұрыс рәсімделмеген және наградтауға дейін он жұмыс күннен кем мерзімде келіп түскен қолдау хат Кербұлақ ауданы әкімінің қарауына қабылданбайды.

7. Кезекті наградаға ұсыну алдыңғы наградтау күнінен бастап бес жыл өткен соң ғана мүмкін.

8. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын Кербұлақ ауданының әкімі тапсырады, сондай-ақ Кербұлақ ауданы әкімінің атынан және оның тапсыруы бойынша Құрмет грамотасын ауылдық округ әкімдері және Кербұлақ ауданының әкімі уәкілдік берген басқа да тұлғалар тапсыра алады.

9. Құрмет грамотасына Кербұлақ ауданы әкімінің қолы қойылады.

10. Құжаттарды жүргізуді және есепке алуды Кербұлақ ауданы әкімінің аппаратымен жүзеге асырылады.

11. Құрмет грамотасының тапсырылғаны туралы тапсыру хаттамасы жасалады, награданы тапсырған тұлғаның қолы қойылады және награданы тапсырған органның мөрі мен бекітіледі және үш жұмыс күні ішінде Кербұлақ ауданы әкімі аппаратына жолданады.

